



# Теңізшевройл Деректер мен дәйектер

2015 жылдың үшінші тоқсаны бойынша қорытынды мәлімет

## Тарих/Қатысушылар:

- Әлемдегі ең терең және ірі мұнай кеніштерінің бірі болып саналатын Теңіз мұнай кеніші 1979 жылы ашылды.
- «Теңізшевройл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 1993 жылы 6 сәуірде Қазақстан Республикасы мен «Шеврон» компаниясы арасында жасалған келісім негізінде құрылды. «Теңізшевройл» ЖШС-нің қазіргі кездегі серіктестері: «Шеврон» – 50%, «ҚазМұнайГаз» АҚ – 20%, «ЭксонМобил Қазақстан Венчурс Инк.» – 25% және «ЛукАрко Б.К.» – 5%.

## Өнім өндіру/Қорлар:

- Теңіз және Королев кеніштерінің алынатын мұнай қоры 750 миллионнан 1,1 миллиард тоннаға дейінгі мөлшерді (6-9 млрд. баррель) құрайды. Жалпы барланған қоры жөнінен Теңіз кенішінде 3 миллиард тонна (26 млрд. баррель), ал, Королев кен алаңында 190 миллион тонна (1,5 млрд. баррель) шамасында мұнай бар деп есептеледі. Теңіз коллекторының шеңбері едәуір, ені 20 шақырым (12 миль), ұзындығы 21 шақырым (13 миль) құрайтын аумақты алып жатыр.
- 2008 жылы Теңізшевройл Шикі газ айдау және Екінші буын зауыты (ШГА/ЕБЗ) жобасын аяқтап, нәтижесінде мұнай өндірудің тәуліктік қуаты шамамен 75 000 тоннаға немесе 600 000 баррельге, ал, табиғи газ 22 миллион текше метрге немесе 750 миллион текше футқа жетті.

## Мұнай өндіру көлемі:

- 2015 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында мұнай өндіру көлемі 20,3 миллион тоннаны (162 миллион баррель) құрады.

## ТШО өнімінің өзге түрлері:

- ТШО сұйытылған газ сату көлемін 965 мың тоннадан асырып, құрғақ газ сату көлемін 5,1 миллиард текше метрге жеткізді.
- ТШО 2,11 миллион тонна күкірт сатты, бұл аталмыш кезеңдегі өндірілген 1,77 миллион тонна күкірттің 119% құрайды. Қазіргі таңда ашық алаңдарда 10 мың тоннадан кем көлемде күкірт сақталуда. ТШО оны жол құрылысы жұмыстарында шикізат ретінде қолдануды жоспарлауда.
- ТШО жоғары сапалы күкірттің үш түрін көптеген елдердегі сатып алушыларға, оның ішінде Қазақстанға, Ресей, Украина және Қытайға, сонымен бірге Жерорта теңізі бассейні мен Атлант мұхиты жағалауы елдеріне өткізеді.

## Денсаулық сақтау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау

- 2000 жылдан бері Теңізшевройл қоршаған ортаға әсерді азайтуға бағытталған жобаларға 3 миллиард АҚШ доллар көлемінде қаржы бөлді.
- Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған бұл инвестициялар алауларда жағылатын газдың жалпы көлемін 2000 жылдан 91%-ға азайтуға мүмкіндік берді. Қазіргі таңда ТШО өндірілген газдың 98% кедеге жаратады.
- 2000 жылдан бері өндірілген мұнайдың бір тоннасына шаққандағы атмосфераға жіберілген шығарындылардың көлемі 73%-ға азайды. 2015 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында атмосфераға жіберілген шығарындылар көлемі ТШО өндірген мұнайдың бір тоннасына шаққанда, орта есеппен, 2,22 килограмды құрады. ТШО 2000 жылдан бері жылдық мұнай өндіру көлемін 154% өсірді.



# Теңізшевройл Деректер мен дәйектер

## 2015 жылдың үшінші тоқсаны бойынша қорытынды мәлімет

- 2000 жыл мен 2015 жылдың 30 қыркүйегі аралығында қоршаған ортаны қорғау және зауыт сенімділігін арттыру шараларына жұмсалған инвестициялар кешенді технологиялық желілердегі техникалық ақаулар санын 52%-ға, ал техникалық ақаулар кезінде алауларда жағылатын шикі және қышқыл газ мөлшерін 82%-ға азайтуға ықпалын тигізді.

### Қаржы көрсеткіштері:

- 1993 жыл мен 2015 жылдың 30 қыркүйегі аралығында ТШО-ның Қазақстанға тікелей қаржы төлемі тұтастай алғанда 110 миллиард АҚШ долларын құрады. Бұған ТШО-ның жергілікті қызметкерлеріне төленген еңбекақы, қазақстандық тауар өндірушілер мен жабдықтаушылардың өнімдері мен қызметтеріне жұмсалған қаржы, мемлекеттік кәсіпорындарға берілген тарифтер мен төлемдер, қазақстандық серіктеске бөлінген тиісті дивидендтер, сонымен қатар мемлекеттік бюджетке аударылған салық және роялти түріндегі төлемдер кіреді.
- 2014 жылы Қазақстан Республикасына төленген тікелей төлемдердің мөлшері 14,7 миллиард АҚШ долларын құраса, 2015 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында аталмыш төлемдер көлемі 6,6 миллиард АҚШ долларын құраған болатын.

### Қазақстандық тауарлар мен қызметтер:

- 2015 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында Теңізшевройл қазақстандық тауарлар мен қызметтерді пайдалануға 1,8 миллиард АҚШ доллары шамасында қаржы жұмсады. 1993 жылдан бастап Теңізшевройл қазақстандық мекемелердің 19,7 миллиард АҚШ долларын құрайтын тауарлары мен қызметтерін пайдаланды.

### Қызметкерлер:

- Қазіргі таңда ТШО-да жұмыс істейтін қазақстандық қызметкерлердің үлесі 1993 жылғы 50% көрсеткішпен салыстырғанда 86% құрайды.
- ТШО-дағы жергілікті ұлттық басшылардың, орта буын жетекшілерінің үлесі жалпы басшылық құрамның 74% құрайды. Кадрларды оқыту және шыңдау жөніндегі тұрақты бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде жауапты басшылық лауазымдарға тағайындалған жергілікті қызметкерлер қатары көбейе түсуде.

### Әлеуметтік салаға үлес:

- 1993 жылдан бастап ТШО өз қызметкерлері мен жергілікті тұрғындардың игілігі үшін Атырау облысының әртүрлі әлеуметтік жобаларына 1,06 миллиард АҚШ долларынан астам қаржы жұмсады.
- 2015 жылы «Игілік» ерікті әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламасының бюджеті 25 миллион АҚШ долларын құрады. Аталмыш қаржының негізгі үлесі Атырау облысындағы балабақшалар, мектептер және басқа әлеуметтік нысандардың құрылысына жұмсалады.
- 2015 жылы Атырау облысының денсаулық сақтау, білім және оқыту салаларының сапасын жақсартуға көмектесу үшін ТШО-ның әлеуметтік инвестициялар бағдарламасына 1 миллион АҚШ долларынан астам қаржы бөлінді.